



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Алайда мұндай база қылмыстың азаюына қаншалықты әсер етеді, ол жағы белгісіз. Былайша айтқанда, жаңа заң шетелдік азаматтар тарапынан болатын қылмыстың алдын ала алама, оған ешкім кепілдік бермейді. Демек, Ресейдің 70% еңбек мигранттары бізге келсе, қылмыстың көбеюі әбден ықтимал.

Дүние жүзіндегі саяси тұрақсыздық террористік әрекеттердің ұлғаюына байланысты болып отыр, сондықтан бірқатар мемлекеттерден келетін мигранттарға жартылай шектеу енгізгеніміз жөн. Еліміздің еңбек нарығына тек қажетті, сұранысқа ие мамандарды ғана тартуымыз керек. Мысалға, Бельгияда сырттан келетін мигранттар өзінің кәсіби біліктілігін көрсетіп, елдің дамуына үлес қоса алатынын дәлелдегеннен кейін ғана қабылдаушы елде тұрақтауына рұқсат етіледі. Біздің елде де осындай жүйені қалыптастырғанымыз игі болар еді. Сонымен қатар келешекте өз территориямызда өзге ұлттардың территориялық анклавның қалыптасуын болдырмау үшін ассимиляцияға тез ұшырамайтын халықтарды бір жерге шоғырландырмағанымыз дұрыс болады. Кез-келген мемлекетте тіл, дін, дәстүр елдің елдігін сақтап қалуда маңызды орын алады.

Қолданылған әдебиет

1. Поладова (Гайдарова) Л.Т. Борьба с нелегальной миграцией: поиск эффективного решения проблем// Устойчивое развитие региона в условиях экономической интеграции России в мировое хозяйство/ Материалы 54-й научно-методической конференции «Университетская наука - региону»/ Отв. ред. В.А. Шаповалов. – Ставрополь: Изд-во СГУ, 2009.

2. Красинец Е., Кубишин Е., Тюрюканова Е. Нелегальная миграция в Россию. - М.: АCADEMIA, 2000.

3. Есенбек Г. А. Қазақстандағы заңсыз миграция, интернет ресурс, 2013.

Заңсыз мигранттар ұлттық қауіпсіздікке, демографияға, экономикаға төнген қауіп/ Нәзия Жоямергенқызы. Түркістан 2013 ж. №10 (972).

4. Казаков А.О. Трудовая миграция-принципиальные подходы и реальные возможности, Внешняя торговля. 2007 .

5. Миграционная ситуация и миграционная политика в современном мире. Материалы международной школы. Семинар: миграция, теория, методы и практика регулирования миграционных процессов. Москва, 3-22 августа 2011

УДК 315.11:316

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫРҒЫЗ ЕҢБЕК МИГРАНТТАРЫ

Байдақұлов Нұржан

baydakulov95@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, әлеуметтану мамандығы 2 курс
студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Смағамбет Б.Ж.

Тәуелсіздік алғаннан бастап Қазақстандағы экономикалық реформалардың сәтті жүргізілуі көршілес мемлекеттерден еңбек мигранттарының қоныс аударуына қолайлы жағдай туғызды. Қазіргі уақытта Қазақстанның экономикалық интеграцияға түсуі Орталық Азия, әсіресе, Қырғызстаннан келетін еңбек күшінің артуына себеп болып отыр. Оның үстіне Ресейдегі экономикалық дағдарыс пен рубльдің құнсыздануы және ресейлік көші-қон саясатының еңбек миграциясына талапты күшейтуіне байланысты қырғызстандық еңбек мигранттарының көші-қон стратегиясын өзгертуі мүмкін екені болжануда. Осы себепті алдағы уақытта қырғыздар алыс Ресейден гөрі, Қазақстанға келуді тиімдірек көріп жатса, мигранттар саны елімізде бірнеше есе артады. Ресей Федерациясы Статистика агенттігінің тапсырысымен «ЛевадаЦентр» орталығының әлеуметтанулық зерттеулеріне сәйкес елдегі

экономикалық дағдарыстың әсерінен 2016 жылы Ресейдегі қырғыздардың 1/5 өз Отанына қайта оралады, ал 2/5 Қазақстанға жұмысын ауыстыруы мүмкін деп қорытынды жасады [1,16].

2011 жылғы деректерге қарағанда Қазақстандағы еңбек мигранттарының үштен екісі Өзбекстаннан, 25% Қырғызстаннан, қалғандары Тәжікстан және ТМД-ның тағы басқа елдерінен келген [2,8]. Халықаралық көші-қон ұйымының 2013 жылғы санағы бойынша Қазақстанда жарты миллионнан бір миллионға дейін мигрант жұмысшы жан бағып жүр.

Қазақстандағы ірі қалалардың инфрақұрылымын, экономикалық-географиялық жағдайын дамытуда арзан жұмыс күшіне сұраныстың артуы және әлеуметтік-экономикалық, саяси факторлар ықпалымен қоныс аударушылар саны күннен-күнге арта түсуде. Осыған сәйкес олардың құқықтық мәртебесі мен әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты және интеграциялық бейімделу мәселелері күрделенуде. Ресми статистикаға сәйкес, Қазақстанда 400 мыңнан астам шетелден келген еңбек мигранттары бос жұмыс орындарын толтыруда. Халықты еңбекпен қамту және әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметтеріне сүйенсек, Қазақстан Республикасында соңғы уақытта 30 мың еңбек мигранты жұмыспен қамтылған. [3,5].

Қазақстанға сырттан келген мигранттардың ішінде қырғыздардың орнын ерекше екенін айтуға болады. Бүгінгі күні қырғыз мигранттарын Қазақстанның барлық қаласында, барлық салада кездестіруге болады. Оларды жедел қызмет көрсету, құрылыс, сауда саласында кездестіреміз.

Дегенмен, Қырғызстаннан Қазақстанға келген қырғыз мигранттарының әлі күнге дейін саны белгісіз. Жалпы мигранттарды тіркеу әдістемесін жетілдіру қажеттілігі аса өзекті. Өкінішке орай, құзырлы органдар оларды толық бақылап отырған жоқ, сондықтан «заңсыз» немесе «тұрақсыз жұмысшылар тобы» деген статуспен сипаттау басым.

Қазақстанда заңсыз түрде қаражат табуға ұмтылған Қырғызстан азаматтарын шартты түрде 3 топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі, уақытша маусымдық мигранттар. Олар жаз мезгілінде Астана мен Алматы қалаларының өнеркәсіп орындарында немесе сауда да жұмыс істейді. Екіншісі, тұрақты кәсіби мигранттар. Бұлар кәсіби маман ретінде құрылыс саласында, басқа да жалдамалы жұмыстарға ұзақ мерзімге келеді. Үшіншісі, интеграцияланған қырғыздар. Бұлар Қазақстанға түбегейлі көшіп келіп, осында тұрақтап қалған мигранттар. Қырғызстан Еңбек, жастар және миграция министрлігінің соңғы жария еткен ресми мәліметтері бойынша, Қазақстанда қырғызстандық 80 мың мигрант жұмыс жасайды. Қырғызстандағы «Халықаралық қорғауға қолдау көрсету орталығы» қоғамдық қорының дерегінше, бұл мәлімет шындыққа жанаспайды. Олар Қазақстандағы қырғыз еңбек мигранттарының санын 500 мыңға жуықтатады. [2,16] Қырғыз мигранттарының басым бөлігі Қазақстанға келгенге дейін жалданып жұмыс жасаған «қара жұмыс» өкілдері. Өз елінде жұмыс жасаған мигранттардың негізгі бөлігі үй шаруашылығымен айналысқандар, жалақысы аз болғандықтан жұмыстан шығып кеткен, ал қалғандары өз елдерінде ешқандай бос жұмыс орнының болмауынан жұмыс таба алмағандар. Еңбек мигранттарының жартысынан көбі арнаулы орта білімі немесе білімі жоқ азаматтар. Еңбек мигранттарының ішінде көп кездесетін мамандықтар құрылысшы, инженер, механик, т.б. Екінші орында кездесетін мамандықтар - саудагер, бухгалтер т.б. Қазақстандағы қырғыз мигранттарының көбісі сауда саласында еңбек етіп жүр. Үшінші орында – көлік жүргізуші, көлік механигі, ал қалғандары мұғалім, бала тәрбиешісі т.б. [4,14].

Қырғыздардың Қазақстанға жұмыс іздеп келуінің негізгі факторлары мыналар: 1) Қырғызстандағы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің төмендігі, осыған байланысты елдегі жұмыссыздық; 2) Қырғызстанмен көршілес елдердің (Тәжікстан, Өзбекстан, Түрікменстан) экономикалық әлеуетінің жоғары болмауы; 3) аймақты мекендейтін халықтардың тарихи, географиялық, мәдени және тілдік туыстығы. Ерекше ұлттық ұқсастықтар мен антропологиялық ортақ белгілер қырғыздардың жылдам интеграциялануына алып келеді. Күнделікті өмір әлеуметтану тұжырымдамаларына сәйкес, қырғызстандық еңбек мигранттарының Қазақстанға келіп жұмыс жасауы шекаралардың

жақындығы, қазақтардың өмір сүру философиясы мен стилінің, діни мәдениетінің ұқсас болуы, экономикалық тұрғыдан тиімді бейімделу процестері тез жүруінен деп қорытынды жасауға болады.

Қырғыз мигранттарының жартысынан көбі Астана және Алматыда, Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде жұмыс жасайды. Әсіресе, Алматы қаласындағы қырғыз мигранттарына жасалған қолайлы жағдай, құрылыс, сауда орындарының көптігі. Еңбек мигранттарының тұрмыстық жағдайын, денсаулықтарын, өмір сапасын білу үшін терең әлеуметтанулық зерттеулер жүргізу керек. Соңғы он жыл ішінде, қырғыз еңбек мигранттары негізінен ҚР құрылыста, саудада, қызмет көрсету саласында, ауыл шаруашылығында, үй шаруасында қызмет көрсету секторында жұмыс істейді. Квотаның төмен мөлшері мен оны алудағы проблемалар жұмыс берушілерді шетелдік жұмысшы күшін заңсыз пайдалануға мәжбүрлейді, бұл ретте заңнама мен еңбек мигранттарының құқықтары бұзылады.

Барлық жерде мигранттар құқықтарының бұзылуы фактілері бар; еңбек мигранттарының жұмыспен қамтылуының жеткіліксіз тиімділігі еңбек көші-қонын реттеудің халықаралық және ұлттық нормативтік-құқықтық базаны талдау, сондай-ақ мигранттардың әлеуметтік және еңбек, мәдени құқықтарын іске асыру практикасын зерделеу міндеттерін қояды. Талдау негізінде ҚР, Кеден Одағына/БЭЖ-не және ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің мигранттардың әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтарын қорғау жөніндегі көші-қон саясатын еңбек мигранттарын қорғау жөніндегі халықаралық тәжірибені ескере отырып, жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірленуі керек. Мигранттардың еңбек шарты мен қауіпсіздігі туралы айтатын болсақ, мигранттарды заңды жалдау жағдайында шетелдік қызметкердің еңбек шарты мен қауіпсіздігіне әдетте кепілдік беріледі. Құжатталмаған мигранттың еңбегін пайдалану жағдайында жұмыс беруші, әсіресе бұл шағын немесе орта бизнес кәсіпкері болса, жалақыдан ғана емес, еңбек шарттары мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде де «үнемдейді».

Қазақстанға көршілес, тарихи тағдырлас елдердегі кедейлік еңбек ресурстарының миграциялық қозғалысына, оны саналы және заңды түрде ұйымдастыру жұмыстарына зор проблемалық сипат беріп отыр. Кәсіби және қаржылық шектелушілік еңбек көші-қонын жеткілікті реттелмеген құбылыс етіп, оның салдарлары жасырын, заңнан тыс жатқан қозғалыстардың, еңбек мигранттарының тұрмыс-тіршілікке қауіп-қатер құбылыстарының туындауына негіз беріп келеді. Сол себепті еңбек миграциясы тек экономиканы дамыту және кедейлікті азайту факторы емес, ең алдымен ұлттық қауіпсіздік мәселесі ретінде бағалануы тиіс, соған сай қабылдаушы мемлекет тарапынан тиісті шараларды қолдануы керек.

Қолданылған әдебиет

1. Торгов О.В. Об историческом аспекте и целях совершенствования законодательного регулирования миграционных процессов в Российской Федерации// Российская миграция. №7, июнь 2014. С. 16.
2. Поладова(Гайдарова) Л.Т. и др. Незаконная миграция: ключевые дефиниции// Научное обозрение. I Серия. Экономика и право. – 2011. - №6, - С.8-17, - С.16-17.
3. Программа демографического развития Республики Казахстан на 2001-2005 годы // Официальная газета. - № 46(47). – 2001г.17 ноябрь. - С. 5-7.
4. Садовская Е.Ю. Миграция в Казахстане на рубеже XXI века: основные тенденции и перспективы. А.-А. 2001. С.14
5. Социальная работа с мигрантами и беженцами: Учебное пособие под редакцией А. А. Акмалова - М, 2009.

УДК 316.7

ҚОҒАМДА ҰШТАСҚАН ТЕҢСІЗДІК

Бейбітбекова Назерке Бейбітбекқызы

jazik_asan@mail.ru

ҚММУ медициналық клледжінің 3 курс білім алушысы.